

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

тек постмодерндік қоғамда байсалды және байсалды емес қарама-қайшылықпен аяқталды» [9].

Қорытындылай келсек, мәдениеттегі әзіл феномені терең түсіну мен зерттеуді қажет ететін күрделі құбылыс. Ол әртүрлі қоғамдардың тарихи, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді, сонымен қатар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Мәдениет контекстіндегі әзіл құбылысын зерттеу оның дүниетанымымыз бен әлеуметтік қатынастарымызды қалыптастырудағы рөлі мен маңыздылығын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Күлкі мен әзіл барлық деңгейдегі қауымдастықтардың өмірінде маңызды рөл атқарады және қоғамдық өмірдің барлық салаларына енеді. Оларды әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерттеу қоғамның рухани, әлеуметтік және саяси, мәдени динамикасын түсіну үшін қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Латышев Ю.В. Феномен юмора в социально-информационном взаимодействии (Теоретико-методологический анализ): Дис. ... канд. филос. наук: 09.00.11: Новосибирск, - 2003. – 147 с.
2. Бергсон А. Смех. - М: Искусство, 1992. – 128 с.
3. Мельников С.С. Социология юмора: к критике трех фундаментальных теорий смешного // Вестник экономики, права и социологии, - 2015. - С. 213-217.
4. Числова Н.М. «Юмор» как средство выражения радости в межкультурном общении // Rhema. Рема. 2013. - № 3. - С. 88-93.
5. Абашева А.Р., Атнабаева Н.А. Юмор как универсальный аспект человеческой жизни. // Материалы Национальной научно-практической конференции молодых ученых. В 3 т. Том III. - Ижевск, 2020. - С. 266-270.
6. Қабылов Ә. Сатира поэтикасы – Ақтау : Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012. – 233 б.
7. Ниязбеков М. ...деген екен! 1-кітапша – Алматы: Өнер, 1992. – 64 б.
8. Джелиева З.Т., Быдтаева Э.Л. Юмор как средство успешной коммуникации // Мир науки. Педагогика и психология, 2021. №4. [Электронды ресурс] URL <https://mir-nauki.com/PDF/44PSMN421.pdf> (қаралған күні 28.01.2024).
9. Рокотянская Л.Ю. Юмор: сущность, виды, функции в обществе: диссертация ... к.филос.н.: 09.00.11 / Рокотянская Людмила Олеговна; [Место защиты: ФГБОУ ВО «МГТУ им. Н.Э. Баумана»], 2020. – 242 с.

ӘОЖ 141.1

МӘНГҮРТТІК ПЕ ӘЛДЕ МӘНГІЛІК ПЕ?

Муратбаева Айнур Кайратовна

muratbaevaai@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.Тұрсынбаева

Аннотация. Мақалада мәңгілік Қазақстан негізіндегі атқарылып жатқан жұмыстардағы ықпал етуші фактор ретінде дәстүр мен құндылықтық бағдарлардың қаншалықты маңызды екендігіне талдау жасайды. Жаңарудың теориялық негіздемелеріне тоқтала отырып, қазіргі Қазақстан жағдайындағы жаңарудың өзіндік ерекшелігіне тоқталып, өткен ғасырдағы түрліше тарихи өзгерістердің қазіргі қоғам санасына әсерін сипаттайды. Маңызды болып саналатын дәстүр мен құндылықтық бағдарлардың ұлттық сана-сезімге сай құрылып, қазақ халқының өткен дәуірдегі руханиятының қайнар көздерінен бастау алуы маңызды. Осындай ұстанымды басшылыққа алу барысында ғана Қазақстан қоғамы шынайы жаңаруды ұштастырып жүйелі

мәдени құндылықтарды дүниеге келтіре алады. Ұлттық құндылықтардың жаңару мүмкіндігін мәдени антропологиялық тұрғыдан сипаттап, оның әлеуметтік, философиялық негіздемесін беруде тарихи деректер мен ұлттық әдеби жәдігерлердің алар орнының маңыздылығын қарастырған маңызды.

Кілттік сөз: Мәңгілік, дәстүр, құндылықтық бағдарлар, сананың ашықтығы, жаңару, мәңгүрттік.

Қазіргі кезеңде кең етек алған әлемдік тенденциялардың бірі, ол өз тарихын зерттеп-зерделеу, әлемдік кеңістіктегі өткен орны мен қазіргі тіршілігін бағамдау және рухани сабақтас болатын мұралармен танысып, өз құндылықтар жүйесін сақтап қалуға ұмтылу. Осыған орай, мемлекеттік деңгейде де, жекелеген авторлық деңгейлерде көптеген ізденістер жасалынып, бағдарламалар жүзеге асырылып, тарихи тамырмен тұтасуды мақсат тұтқан әрекеттер барысы қай елде болмасын байқалуда. Халықаралық деңгейдегі ғылыми кеңістіктің негізгі бағдарларының бірі, қазіргі уақыт пен рухани тамыр арасындағы сабақтастықты жалғап, мәдениеттің салаларын үндестіруді қолға алуда. Әсіресе, бұл үрдіс жаһандық интеграцияда жүзеге асып, рухани-мәдени қауымдастықтардың шекарасы ұлттық деңгейден трансұлттық дәрежеге айналып жатқан уақыттарда белсенділікке ие болуы, бір жағынан таңданысты туындатса, екінші жағынан заңды құбылыс ретінде қабылданып жатады.

Қазақстан жерінің өткені ежелден адамзат өркениетінің орталықтарының бірі болып табылатын Еуразиялық кеңістікпен тікелей байланыстағы тарихи бай мұраға ие [1]. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңдерде тарихымыздың бұрмаланып, санамыздың түпкіріне бодандық қамытының иілгендігін айтар болсақ, ХХ ғасыр бойына қаншама зұлмат пен қиындықты бастан кешірген халқымыз өз тамырынан ажырап, таным көкжиегі тарылып қалғандығын білеміз. Алайда еркіндіктің таңы атып, өз алдына дербестік алған соң көптеген түйткіл мәселелерді шешуге мүмкіндік алған соң барымызды толықтыруға мүмкіндік алдық. Қазіргі таңда Қазақстан тарихи тұрғыдан өзінің салт-санасымен, рухани тамырымен қайта танысып, жаңаша дүниеге келуді бастан кешіруде. Тәуелсіздік жағдайында қоғамның рухани жаңғыруы орын алып, ұлттық өзіндік санасы оянып, өткен тарихына деген мақтаныш сезімі қалыптасып, тарихи жады қайта жанданып, өткеніне байланысты объективті шынайылыққа қол жеткізуге мүмкіндік алып жатқан тұста дәстүр мен құндылықтық бағдарлардың қайта оянуы маңызды. Өткенімізді бағамдауда бізге жағымды сын пікір мен объективті шынайылыққа қол жеткізудің маңыздылығын алға тартсақ, өткен күннен жеткен дәстүріміз бен құндылықтық бағдарларымыздың шынайы бейнесін қалыптастырудың мүмкіндігі туындайды. Өйткені, жас ұрпақты тәрбиелеп, кемел болашақ қалыптастырудың бірден бір жолы, ол шынайылық пен ақиқаттың шеңберіндегі білімнен келіп туындайды. Ұлттың өткені мен тарихын қапына келтіру мен сақтай алу, әлемдік мәдениет пен өнердегі адам қалыптастырушы орнын айқындау, қоғамдық саладағы терең білімді талап етеді. Тарихи жады жоқ халық, өз тамырына балта шабуды ар санамайтын ұрпақтарды дүниеге әкелетіндігін, Ш. Айтматовтың сөзімен айтсақ мәңгүрттік санадағы адасқандарды туындататыны сөзсіз. Мәңгүрт – жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті аянышты пенделер. Олар – алыс пен жақынды ажырата алмайды, өз анасын дұшпан санап атып та жібере салады. Жадында ешнәрсені сақтай алмайтын мұндайлар миғұла, мәңгүрт деп аталады.

Сананың өшуін мәңгүрттік, санасы өшкен, өткенін ұмытқан адамды мәңгүрт адам деп жатамыз. Ал осы мәңгүрт адам қалай жасалады? Мәңгүрттікке отарлық білім берудің қатысы қаншалықты? Мәңгүрт адам жайлы Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн», Әбіш Кекілбаевтың «Күй» шығармасынан кездестіруге болады. Мәңгүрт жасаудың адамның шашын алып тастап, басына түйенің терісін кигізіп, күннің астына байлап тастау немесе үңгірлерде тамшылап тұратын су тамшысының астына бірнеше күн отырғызу секілді әдістері белгілі. Бұл әдістер адамды физикалық күштер арқылы мәңгүрт қылдырады. Сонымен қатар адамды рухани күш, яғни білім арқылы да мәңгүрт қылуға болады екен. Мұны Шыңғыс Айтматовтың романынан көруге болады. Мәңгүрттік және білім арқылы мәңгүрттендіру

мәселесін алғашқы болып Шыңғыс Айтматов көтерді. Оның «Ғасырдан да ұзақ күн» романы КСРО заманының шынайы бет-бейнесін егжей-тегжейлі ашып көрсеткен роман. Тәрбиесіз, пайдасыз алынған білімнің адамның адамшылығын бұзатыны, адамның бойындағы ұлттық намысын, ұлттық мінезін жоятыны, тарихи сананы ұмыттыратыны өте шебер бейнеленген. Романның кейіпкері Сәбитжан – пайдасыз білімді бойына сіңірген азамат. Автор оны былай сипаттайды: «Бір қарасаң – тәп-тәуір жігіт сияқты. Білмейтіні жоқ, жағын безеп сайрап тұр, ал бірақ, берекесіз болғанда берекесіз. Әкесі марқұм оны оқытпаған интернат, институт атаулы бұл төңіректе, әй, қалмаған шығар. Бірақ не керек, жөнді адам шыға қоймады [2, 456 б.]. Сәбитжанның бар болмысы әкесі Қазанғаптың қазасынан кейін, Қазанғапты жерлеу кезінде барынша көрінеді. «Сөйтсе айналайын білімпаз Сәбитжан әкесін құрметтеп шығарып салу үшін емес, апыл-ғұпыл көме салу үшін келген болып шықты. Ау, жер түбіндегі Ана-Бейітке сандалып не керек, табалдырықтан аттап шықсаң дүниенің қиырына дейін Сарыөзектің қу даласы көсіліп жатқан жоқ па? Жер жетпей ме сонша!» [2, 29 б.]. Қазақ халқында өсиет деген, адамның өлер алдында айтқан соңғы сөзі, соңғы тілегі деген ұғымдар бар. Соңғы тілекті орындау парыз. Қазанғап өзінің Ана-Бейітке жерленуін тілек қылған. Ана-Бейіт – мәңгүрт ұлының (Жоламанның) қолынан қаза тапқан Ананың зираты еді. Қазанғаппен талай жыл қызмет жасасқан Едіге оның соңғы тілегін орындауға дайын болғанмен, танымы бөлек мәңгүрт Сәбитжан бұған қарсы болады. Сәбитжан үшін парыз, өсиет ұғымдарының еш мәні жоқ. Парызды орындау қиынға түсуі мүмкін болғандықтан, ол ата жолына қолын бір сілтеп, өзіне ыңғайлысын жасамақшы. Әкесінің соңғы сөзін орындамай, алыстағы Ана-Бейітке жерлемей-ақ, жақын жерге жылдамырақ жерлей салғысы келеді. Романда Сәбитжанның әйелінің, балаларының атасын соңғы сапарға шығарып салудың орнына, оның өліміне қайғырудың орнына, білім алу жолында аянбай еңбектеніп жататыны да суреттелген. «Әйелінің келмеген себебі: шетелдік меймандар қатысатын әлдебір конференцияда болуы керек екен. Сәбитжанның әйелі болмаса, конференция қараң қалатындай. Ал марқұм Қазанғаптың немерелері неге келмеді деп ешкім қазбалап жатқан жоқ. Сәбитжанның балалары болашақта институтқа түсу үшін тәуір аттестат алмақ болып, оқу үлгерімі жолында күресіп жатса керек. «Бұл жұрт не болып барады! – деп Едігенің жаны жай таппады: – «Бұлар өлімді сыйламаса, тіршіліктің қадірін қайдан білсін! Бұлар қалай, не үшін өмір сүріп жүр өзі? Өмірдің мәні не сонда бұлар үшін?» [2, 31 б.]. Сәбитжанның мәңгүрттігі әкесін жерлеп болғаннан соң мейлінше көрінеді. Олар Қазанғапты Ана-Бейітке жерлеуге келе жатқанда кедергіге тап болады. Ол кезде Ана-Бейіт орналасқан аймақ қоршалып, зират жойылып, сол жерге космодром салынайын деп жатқан еді. Ана-Бейітке жете алмай, Қазанғап соның маңындағы бір төбеге жерленеді. Жерлеу рәсімі аяқталған соң Едіге Сәбитжанды шақырып алып, қасиетті зират жайын сөз етеді. Сауаты бар, оқымаған кітабы жоқ, қызметі облыста, кез келген адаммен сөйлесе алатын Сәбитжанға Едіге: «Ана-Бейітті жермен-жексен етуге болмайды ғой. Бұл тарих қой» – дейді. Сонда Сәбитжан: «Оның бәрі ерте-ертедегі ертеқой. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал, біз барып әлдебір зират туралы арыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге керек ол? Олар үшін ол дегенін – тіфу! Қойсаңшы, шал, бос әуре ол. Мен барады деп иегің қышымай-ақ қойсың. Маған оның түкке де керегі жоқ» [2, 335 б.] – дейді. Сәбитжанға халқының тарихының, халық үшін қасиетті саналатын Ана-Бейіттің түкке де керегі жоқ. Себебі Сәбитжан – мәңгүрт. «Ақыл сұрап, көмек күтетін адам Сәбитжандай бола ма, құдай-ау? Сауатты, оқыған бала, мұндайлар мен сияқты қарапайым жұмысшыны тез түсініп, тіл табысады деп үміттеніп қалды ғой. Оның түрлі курстарды тауысып, бәленбай институтта оқығанынан не пайда? Мүмкін, оны дәл қазіргісіндей қайырымсыз болсын деп оқытқан шығар. Сәбитжанның дәл қазіргідей Сәбитжан болып шығуы үшін көп күш жұмсаған әзәзіл біреу отырған шығар бір жерде. – Мәңгүртсің сен! Нағыз мәңгүрттің өзісің! – деп ашына күбірледі Едіге Сәбитжанды әрі аяп, әрі құсықтан да жек көріп» [2, 337 б.]. Білім арқылы мәңгүрт жасауды Шыңғыс Айтматов осылай бейнелейді. Білім берудегі отарсыздану үдерісі отаршылық әкелген бөгде санадан, мәңгүрттіктен арылудың бірден бір жолы. Білім сананы ағартады, отарлық сананың шеңберін бұзады және жаңа көзқарас қалыптастыруға негіз болады. Бұл жерде мәселе білімнің төл санаға пайда әкелетін

немесе пайда әкелмейтін түрлерін дұрыс анықтап алуымызда. Осы жерде қазіргі заманғы тәуелсіз еліміздің философиясының орны да, маңыздылығы да, құндылығы да анықталмақ. Төл санаға пайдалы не пайдасыз білімдерді неліктен философия анықтауы керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Себебі сана, төл сана және бөгде сана ұғымдары философияның категориялары. «Мектептерде, колледждерде, ЖООда беріліп жатқан білімдердің, әсіресе дүниетанымдық маңызы бар пәндер бойынша білімдердің жай-күйін философия анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беріп отыруы қажет-ақ» [3].

Адам баласы тек бүгінгімен өмір сүрмейді. Оның бүгінгісімен қоса өткені мен болашағы бар. Грек ойшылы Питтак айтпақшы: «Қорқыныш пен үрей болашақта, тыныштық өткенде». Расында да, тыныштық өткенде, себебі өткен белгілі. Өткенге көңілі толушылық не өкініш сезімі әрдайым болады, бірақ өткенде қорқыныш жоқ. Болашақ белгісіз болғандықтан, қорқыныш болашақта. Болашақтың негізгі қасиеті – белгісіздік. Белгілі болса, болашақтың несі болашақ?! «Көк тұман алдындағы келер заман» [4] – дейді Абай. Сондықтан еліміздің болашаққа қорықпай, үрікпей нық сеніммен аяқ басып аттауы үшін еліміздің білім беру жүйесінде отарсыздану үдерісін жүзеге асыру керек деп санаймыз. Білім беру саласында отарсыздану үдерісін жүзеге асыруға, ұлттық мәдени-рухани өзегімізді жаңғыртуға, қазақтық болмыстағы ұрпақ тәрбиелеуге тәуелсіздік жол ашады. Тәуелсіздіктің бағасы да, маңыздылығы да осы іс-шараларды атқару деңгейіне байланысты анықталуы керек.

Бұл тұрғыдан қарағанда дәстүрлі таным мен ата-баба жолымен келген құндылықтық бағдарлар ертеңгі күнде құмға сіңген судай болып, жаһандық интеграцияда жойылып кетуге шақ халықты өз дербестігімен, қайталанбас ерекшелігімен құтқаратындығына көз жеткізеді. Қай заманда болмасын ата-баба жолынан таймай, өзіндік өмір салтын сақтап келген халқымыз қым-қуыт замандарды, қаншама зұлмат соғыстарды бастан кешіріп келсе де тұтастығын жоғалтпай, өмір бәсекесінде тарих сахынасынан сырғып кеткен жоқ. Тек ХХ ғасыр бойындағы өмір салтын түбегейлі өзгерткен, есеңгіретіп ұлт зиялыларына қырғидай тиіп репрессияға ұшыратқан, аштықпен халықтың санасын жоқ етуге тырысқан саяси солақайлықтың кезінде жойылып кетудің кейпінде қалдық [5].

Тек Тәуелсіздіктің тақ таңы ғана, қазақты осы сойқаннан аман қалуға мүмкіндік беріп, ертеңгі күнге деген сенім отын қайта жағып, тіршілік қамын қайта күйіттеп, салт-санамызды жаңғыртуға мүмкіндік алдық. Дей тұрғанымен, өткен ғасырдың салған жарасы әлі күнге жазылмай, кейбір жағдайда мәңгірттік санадағы ортаның қалыптасып, қатерлі ісікше қоғамға теріс ықпалын тигізетін құбылыстардың да болып жатқаны түсінікті. Бұл жағдайда, сол күйіктен тазарудың жолын, әділетті қоғам орнатудың қазақстандық даңғылдың бастауы сан ғасырлық сыннан сүрінбей өтіп, ұлттық жадымызда қанмен жазылып, ұлпа деңгейіндегі генетикалық кодымызда көрініс тапқан ұлттық ділімізді ауыздан ауызға жеткен фольклор, сирек те болса мұра болып қалған жазба мәдениеттегі құнды дүниемізден іздегеніміз абзал. «Өлімнен ұят күшті» деп жанын ар жолында құрбандыққа шалған, «қара қылды қақ жарған» әділеттілікті ту еткен, бөтеннің ала жібін аттауды ұяттың шегі деп бағалап, өз ұрпағын тура жолмен тәрбиелеген бабалар жолын қазіргі таңда дәріптеп, басшылыққа алу, Жаңа Қазақстанның яғни Мәңгілік Елдің қайнар көзі, асыл бұлағы болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Масанов Н.Э. и др. История Казахстана: народы и культуры: учеб.пособие.– Алматы: Дайк пресс, 2000. – 608 с.
2. Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. - Астана: Аударма, - 2011. – 456 б.
3. Kulzhanova Zh.T. Technology Development in the Terms of Built Environment Creation. Philosophical Analysis // IEJME – Mathematics Education, 11 (7). - 2016. – pp. 2003-2014.
4. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336 б.
5. Қуандық Е. Кеңестік идеология және қазақ интеллегенциясы // Қазақстан жоғарғы мектебі. – 2001. – № 4. – б. 57-64.